

Жолаушылар поезддарында кездесу өткізілді

Қостанай станциясындағы ЖПБ-де Қостанай ст. ЖПБ басшылығы «Нұр Отан» партиясы, прокуратура органдарының өкілдерімен бірлесіп, азаматтарды және заңды тұлғалардың жеке қабылдау туралы 2020 жылға арналған жоспарға сәйкес, және қоғамда құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздікке «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын іске асыру, «Контрафакт», «Транзит» атты республикалық акциясы шеңберінде профилактикалық жұмыс өткізді.

Шараның негізгі мақсаты - жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарды анықтау, есірткі құралының заңсыз айналымы фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша мақсаты жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шараларын өткізу, сондай-ақ, жолаушылар мен поезд бригадасының жұмысшыларымен жеке сөйлесу және олардың желілік полициясының жұмысы туралы пікірлерін білу.

Кездесу өткізер алдында дауыс зорайтқыш арқылы комиссия мүшелерінің тізімі оқылды.

Жол жүру барысында Қостанай ст. ЖПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Қ.Қ. Алтыбаев жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл бойынша шараларды күшейту қажеттілігін түсіндірді. «Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалының кеңесшісі А.Қ. Тұрсынмен, поезд бастығымен бірге «Қостанай-Алматы» бағытындағы № 43/44 бағытындағы жолаушылар поезында азаматтарды қабылдады. Қостанай станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде көлік полициясы жұмысы туралы қоғамдық пікірді зерделеу, темір жол көлігінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды алдын алу мақсатында Қостанай станциясындағы ЖПБ бастығы мен оның орынбасарлары жолаушылар поезддарында кездесу өткізіп тұрады.

Жолаушылар поезддарында жиі жасалынатын қылмыстар туралы, ұрлықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған Бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде айтып, поезд бригадасының және теміржол көлігі жұмыскерлерімен есірткі заттар, психотропты заттар мен

прекурсорлардың заңсыз айналымы саласындағы құқық бұзушылықтары туралы профилактикалық сипаттағы әңгімелер жүргізді. Жолаушыларға қылмыстық заңнамасы бойынша заң көмектері жүргізіліп, барлық сұрақтарға түпкілікті жауаптар берілді, жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтаныс азаматтарға сенім артпау және келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жасақтарына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес беріліп, жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар мен ұялы телефондарды ұрлау профилактикасы бойынша жаднамалар үлестірілді.

«Қостанай-Алматы» бағытындағы №43/44 жолаушылар поезында азаматтарды қабылдау барысында қылмыстар, оқиғалар және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық заңнамасын бұзу туралы хабарламалар және азаматтардан шағымдар келіп түскен жоқ.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

Улы химикаттар сатуға шектеу қойылды

Жақында облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінде журналистермен брифинг өткізілді. Осы басқосуда елімізде жәндіктерге қарсы улы химикаттарды сатуға тыйым салынғандығы жайында кеңінен әңгіме көтерілді.

Департамент басшысының орынбасары В.Нечитайлоның айтуынша, ағымдағы жылдың 20 ақпанында «Санитариялық-профилактикалық шараларды жүргізу туралы» қаулы шықты. Осыған сәйкес, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға қауіптіліктің 1, 2, 3-санатқа жататын қауіпті дезинсекция және дератизация құралдарын халыққа сатуға тыйым салынды. Бұған адамдардың улану, соның ішінде өліммен аяқталу жағдайлары себеп болып отыр. Мәселен, 2020

жылы дезинсекция және дератизация құралдарымен уланудың 11 жағдайы тіркеліп, біреуі өліммен аяқталған.

Қазір жәндіктерге қарсы улы химикаттар бақылаусыз сатыла беретін болды. Кез келген адам 1 және 2-санаттағы уландырғыш заттарды сатып алып, пайдалана береді. Алайда, қауіпсіздік ережелеріне мән бермейді. Жыл басынан бері осындай қауіпті заттардың салдарынан 11 жағдай, яғни Ақтауда сегіз адам, Шымкентте үш адам (оның біреуі өлім жағдайы) улану дерегімен тіркелді. Сондықтан, осындай қауіпті улы заттарды сатуға тыйым салынып отыр, - дейді Владимир Нечитайло.

Егер сату жүзеге асырылса және ол құралды қолданғаннан кейін жағымсыз салдары болса, сатушы айыппұл түрінде жауап береді. Сонымен, жеке тұлғаларға 30 АЕК, шағын бизнес субъектілеріне 230 АЕК, орта

бизнеске 310 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал, денсаулыққа зиян келтірілген жағдайда қылмыстық іс қозғалады.

Ел аумағында қолданылатын зиянкестермен күресу және зарарсыздандыру құралдары мемлекеттік тіркеуден өтуі керек. Рұқсат етілген қаражаттың тізімін Еуразиялық экономикалық одақ сайтында табуға болады. Яғни, сіз портал eaeunion.org сайтына кіріп, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін таба аласыз, дәрі-дәрмектің атауын толтырып, сатуға рұқсат бар ма, соны тексере аласыз. Қауіпті 1, 2-санатты улы химикаттар үй ішінде қолданылмайды. Тұрғын үй ғимараттарында тек қауіптілігі төмен заттарды қолдануға ғана рұқсат етіледі, - деді департаменттің бөлім басшысы Дана Тұрсынбаева.

Мамандардың сөзінше, барлық дезинсекция және

дератизация құралдарының төрт қауіптілік санаты бар екенін есте сақтаған жөн. Олардың әрқайсысын пайдалану қатаң ережелер бойынша қорғаныш киім-кешек пен бетперде киіп жүргізіледі. Тек, 4-санатты құралдарды еркін пайдалануға рұқсат беріледі, себебі олар аз қауіпті болып саналады. Сондай-ақ, мамандар сақтық шараларынан басқа қосымша шарттардың сақталуы керектігін де ескертеді. Мәселен, егер көпнөпелді үйдің тұрғындары өз пәтерлерінде қауіптіліктің 4-ші санатына жататын заттарды зарарсыздандырса да, олар көрші пәтерлердің тұрғындарын және тіпті кіреберісті алдын-ала ескертуге міндетті. Дәрілер мен дәрілік заттарды қолдану ережелері қатаң сақталуы керек.

Қоршаған ортаны қорғау – маңызды мәселе

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 2 және 3-курс курсанттары А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Смарт-орталығында аталмыш оқу орнының агро-технологиялық директорының студенттерімен өткен «Экологиялық бағытында құқықбұзушылық мәселелері туралы» атты сайысқа қатысты.

Конкурсқа қатысушылар экология тақырыбындағы плакаттар көрмесін жасап, экологиялық заңнама, қаламыздың экология саласы мәселелері туралы білімдерімен бөлісті. Білім жарысына қатысушы курсанттардың тақырыпқа сәйкес айтқан ойлары ұшқыр және тез болды. Осындай көрсеткен білім дәрежесі Академия курсанттарына үздік 1-орынды жеңіп алуға мүмкіндік берді.



Осы іс-шара Академия курсанттары мен студенттеріне тек қана білімдерімен бөлісу ғана емес, сонымен қатар курсанттар үшін жаңа достар табуға себепкер болды. Білім сайысын өте жоғары деңгейде ұйымдастырғаны

үшін курсанттар өз алғыстарын білдірді және осындай кездесулер екі оқу орындары арасында достық қарым-қатынастың болашақта жалғасатындығына нық сенім білдірді.

Қуаныш МЫРЗАХМЕТ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Оқу-әдістемелік орталығының оқытушы-әдіскері полиция капитаны

Демалыс күндері жұмысқа шықсаң...

Елордадағы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде 2020 жылдағы Әдеп жөніндегі комиссияның бірінші отырысы өтті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бұл жердегі негізгі мәселе - әдеп комиссиясының жұмысын жандандыру. Бүгінгі Әдеп жөніндегі комиссия отырысында бірнеше мәселе қаралады. Бірінші мәселе конкурстық комиссияның кейбір ережелерінің бұзылуына байланысты болмақ. Екінші мәселе мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытына, яғни сегіз сағаттан аса жұмыста болуына байланысты. Оған мемлекеттік жауапты қызметшілерді шақырдық. Бұл Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзіретіндегі мәселе. Әр еңбек шартын осы министрлік қарайды. Біз мемлекеттік қызметкерлердің құқығын қорғау үшін аталған министрлікпен меморандумға қол қойып, сол арқылы жұмыс істеудеміз. Сегіз сағаттық жұмыс уақытын тиімді пайдалану мәселелерін қарастырамыз», - деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Дархан Жазықбаев.

Ол әдеп жөніндегі комиссия отырысы бірінші рет өтіп отырғанын айтты.

«Сенбі күні Нұр-Сұлтан қаласындағы министрліктерде, тіпті Премьер-Министрлігінің кеңсесінде жұмысқа шығып жатқандарды көруге болады. Егер мемлекеттік қызметші сенбі, жексенбі күндері жұмысқа шығатын болса - оларға қосымша ақы төленуі керек немесе алдағы уақытта қосымша демалыс күндері берілуі керек. Бүгін осы мәселені қарап, бұйрықтарға сәйкес шешім қабылдаймыз. Қажет болған жағдайда басшылары әкімшілік немесе басқа да тәртіптік жазаға тартылады», - дейді ол.

Отырысқа ұлттық экономика, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, қаржы, цифрлық даму, инновациялар мен аэроғарыш өнеркәсібі, индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрліктерінің жауапты хатшылары мен кадр қызметінің басшылары қатысты.

Жауынгерлік тәсілдерді шыңдаудағы тәжірибелік сабақ

Ағымдағы жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Академия курсанттарына жауынгерлік тәсілдерін шыңдау мақсатында тәжірибелік сабағын өткізілді.



Мен бастамашылық жаған тәжірибелік сабаққа Қостанай облысы Полиция департаментінің алғашқы даярлық басқармасы бөлімінің бастығы, полиция майоры М.Молдабаев және оның әріптесі полиция аға лейтенанты Г.Мұхтаров қатысты.

Кездесу барысында тәжірибелік қызметкерлер 3-курсның 304-топ курсанттарына Қазақстан Республикасының ІІМ №127 бұйрығына сәйкес қылмыскерді ұстау және еріп жүру әдістері тақырыбы бойынша өз шеберліктерімен бөлісті. Осы іс-шара кезінде полиция майоры әріптесімен бірлесіп өз қызмет жолында қолданған қылмыскерді ұстау әдістерін, сондай-ақ қаруланған қылмыскерді қарусыздандыру жолдарын көрсетті.

Сабақ соңында курсанттарды өмірлік құндылыққа тәрбиелеу және болашақта атқаратын қызметіне қызығушылықтарын арттыру мақсатында, сұхбаттаса отырып, өз тәжірибесіндегі естеліктермен бөлісті. Алдағы уақытта Академия қызметкерлері мен курсанттарына дене даярлығы кафедрасы оқытушыларының ұйымдастыруымен тәжірибелік кездесу іс-шаралары жалғасын таба бермек.

Руслан КУТЫМБАЕВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы ДШД кафедрасының оқытушысы полиция аға лейтенанты

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru